Сүзгіні ұғымдарға сілтеме жол бойымен солдан оңға қарай жылжытсақ, біз бақылаудың бірнеше күйін аламыз, бірақ олардың кейбіреулері көпжиынды болуы мүмкін, сондықтан біз бірдей жиын ретінде қайталанбайтын көпжиынды және сәйкес жиынды да қарастырдық. Осыған қарамастан, q_t үшін, біз басқа белгілену енгіздік, атап айтқанда $q_t = \{i_1, i_2, \dots, i_{m(q_t)}\}$ және q_t -ті көпжиын түрінде өңдедік. Табылған q_t ішінен қайталанатын ұғымдарды жоямыз, in_t және in өзара салыстыру арқылы ағымдағы t уақытында пайда болған жаңа ұғымды жиынға жаңа ретінде енгіземіз. Осылайша, біртіндеп сөздіктің жаңа эксперименті арқылы Inn жиыны өзгермейтін жағдайға жетеміз. Сонымен, $Inn = \{in\}$ жиыны әр түрлі in -тен тұрады, мұндағы in мәнінде ұғымдардың қайталануы болмайды.

Сүзгіні t осі бойымен жылжыту арқылы біз жаңа инновацияларға үміткерлерді аламыз, өйткені олардың кейбіреулері сөздіктің алдыңғы жүгірісінде кездесен болуы мүмкін және бұл кез-келген жағдайда сүзгідегі қайталанатын үміткерлерді жою үшін өндеуді қажет етеді. Қайталанатын үміткерлерді алып тастағаннан кейін, мысалы, q_t түрінде, сәйкестігін тексеру қажет, яғни сәйкес in инновациясын Inn инновациялар жиынында бар ма әлде жоқ па. Егер in жаңа болса, яғни, егер Inn жиынында in инновациясы жоқ болса, онда оны Inn жиынына жаңа инновация ретінде қосамыз. Бірнеше жүгірістен кейін Inn мәндері тұрақты шамаға жақындайды және сөздіктің жаңа жүгірістеріне қарамастан, инновациялар жиыны өзгермейтін жағдайға жетеді. Inn инновациялар жиыны бірінші рет тұрақты болады, содан кейін сөздіктегі $\lambda \geq 1$ қосымша жүгірістен кейін нақты тұрақтылыққа жетеді. Мұнда λ - сыртқы процедураның параметрі. Мұнда λ параметрі әр кімнің өз қалауынша, мысалы

кейбіреулер қосымша жүгірістер санын 10, 100 немесе тіпті 1000 деп белгілеуі мүмкін.



Сурет 2.5 – In қалыптасқан инновациялар жиынын анықтау

Сурет 2.5 сәйкес көрсетілгендей $\{in_{\theta}^1, in_{\theta}^2, \dots, in_{\theta}^{\mu(\theta)}\}$ жиыны бұл сөздіктің бір экспериментінде алынған инновациялар мультижиыны, ол $\theta \in D$ бөлек шамасына сәйкес келеді және әр бір қайталанбайтын инновация Inn жиынына қосылады. Мұндағы:

θ – жеке эксперимент үшін есептеу процесін бастайтын кездейсоқ деректер;

v – айнымалы (эксперимент есептеуіші);

Inn – қалыптасу процессіндегі инновациялар жиыны;


In – қалыптасқан инновациялар жиыны.

Inn тұрақтыма сұрағына келер болсақ, алғашқы ие деген жауап келесідей мағынаны білдіреді: осыған дейін Inn кез-келген итерация үшін тұрақсыз болған және ағымдағы итерация үшін Inn тұрақты болды және алдыңғы итерациядағы Inn мәнінен айырмашылығы жоқ. Содан кейін, егер $v \leq \lambda$ онда үрдіс жоғарғы сызық бойымен қозғала отырып θ мәнің жаңартады және ары қарай схема бойынша жұмыс жасайды. Соңында Inn инновациялар жиыны $\{in\}$ ішіндегі түрлі инновациялардан тұрады, айалық мұнда $Inn = \{in\}$ болсын, және әр бір in ішінде қайталанатын ұғымдар болмайды.

Сонымен, $\lambda \geq 1$ қосымша жүгірістен кейін қосымша эксперименттерді қайта санап, оларға 1,2, ден n -ге дейін жаңа сандар тағайындай отырып, біз бет бойынша қайта орналасқан және әрі қарай қарастыруға ыңғайлы көптеген ұғымдарды аламыз. Алайда мұнда келесідей сұрақ туындауы мүмкін: егер $\lambda \geq 1$ қосымша жүгірістен кейін де жаңа басқару күйі табылса жағдай қалай болады? Демек, λ үшін таңдау тым оптимистік болды, сондықтан λ мәнін қайта қарап, жұмысты басынан бастау керек.

Сурет 2.6 сәйкес көрсетілгендей суреттің сол жағында беттері бар сөздіктің статикалық деңгейін көреміз, беттерде ұғымдар орналасқан, барлығы n ұғым. Суреттің оң жағында беттердің жұмысшы жиынын көреміз, олар ұғымдардың ішжиынан тұрады, олардың барлығы \circ немесе \otimes деп белгіленген, \circ ретінде белгіленгендер инновацияны құрайды, ал \otimes ретінде белгіленгендер жұмысшы жиынға кіретін ұғымдардан тұрады және олардың ешбірі инновацияға кірмейді. Әлбетте, \circ немесе \otimes деп белгіленген ұғымға кез-келген сілтеме бет қателігін

көрсетпеуі қажет. Керісінше, $R(q_t, x)$ жиыннан тыс $R(q_t, x)$ жиыннан шыққан кез-келген сілтеме бет қателігін береді.



Сурет 2.6 – Сөздіктің статикалық және динамикалық жадысы

2.2.3 Траекторияның бақылау күйі

Әдетте жұмысшы жиын ұғымын қарастырғанда екі байланысты ескертулер қолданылады, олардың біреуі $W(t-\tau, t)$, терезе өлшемі τ , ал келесісі $W(k, t)$, екеуі де П. Деннингтің жұмысына оралады [128, 129]. Екіншіге, $k \geq 1$ бүтін саны терезе өлшемі ретінде де қарастырылуы мүмкін. Бірінші жағдайда жұмысшы жиын ретінде статикалық уақыт интервалында $(t-\tau, t)$ сілтеме жасалған сөздік беттері қарастырылады. Біздің жағдайда, жұмысшы жиын ретінде $R(q_t, x)$ нұсқасын қарастырдық. Траекторияның q_t бақылау күйлерін еске отырып, t уақытына дейін ұғымдарға жасалған соңғы сілтемелер жиынын көрсетейік. Осылайша, іс жүзінде t уақытындағы сөздіктің бақылау күйі t уақытындағы жұмысшы жиыны ұғымының аналогы болып табылады.

Бульдік матрица $x = (x_{ri})_{p \times n}$ маңызды рөл атқарады, ол жоғарыда айтылғандай, сөздіктің құрылымын анықтайды, яғни сөздіктің S_1, S_2, \dots, S_p беттерінде орналасқан i_1, i_2, \dots, i_n ұғымдары. Сонымен қатар, x шектеулері үшін (a) - (c) шектеулері сақталуы керек және осы типтегі барлық матрицалар X жиынын құрайды, ал соңында X матрицалары арасында жоғарыда аталған функцияларға сәйкес сөздіктің оңтайлы құрылымын белгілейтін матрица анықталуы керек.

Траекторияның q_{t+1} бақылау күйі $\{i\}$ мәнімен байланысқан q_t жиыны ретінде қалыптасады, содан кейін келесі қатынастар орындалады: $q_{t+1} \subset q_t$ немесе $q_t \subset q_{t+1}$ немесе $q_{t+1} = q_t$.

Осылайша $q_t = \{i_1, i_2, \dots, i_{m(q_t)}\}$ және $q_{t+1} = \{i_2, i_3, \dots, i_{m(q_t)}, i\}$ бақылау күйі, содан кейін:

I. Егер $i_1 \in q_{t+1} = \{i_2, i_3, \dots, i_{m(q_t)}, i\}$ және $i \notin \{i_2, i_3, \dots, i_{m(q_t)}\}$, онда $q_t \subset q_{t+1}$, (сурет 2.11а);

Келесі шешім

II. Егер $i_1 \in q_{t+1}$ және $i \in \{i_2, i_3, \dots, i_{m(q_t)}\}$ онда $q_t = q_{t+1}$ (сурет 2.11ә);

III. Егер $i_1 \notin \{i_2, i_3, \dots, i_{m(q_t)}\}$ және $i \notin \{i_2, i_3, \dots, i_{m(q_t)}\}$ онда $q_t \not\subset q_{t+1}$ (сурет 2.11б), мұндағы $q_t = \{i_1, i_2, \dots, i_{m(q_t)}\}$ және $q_{t+1} = \{i_2, i_3, \dots, i_{m(q_t)}, i\}$;

IV. Егер $i_1 \notin \{i_2, i_3, \dots, i_{m(q_t)}\}$ және $i \in \{i_2, i_3, \dots, i_{m(q_t)}\}$ онда $q_{t+1} \subset q_t$ (сурет 2.11в), мұндағы $q_t = \{i_1, i_2, \dots, i_{m(q_t)}\}$, $q_{t+1} = \{i_2, i_3, \dots, i_{m(q_t)}\}$.

I, II, IV кадамдар стандартты, бірақ III кезең үшін *in* аралық түйіннің астынан $t + 1/2$ сәтіне тең уақыт өтеді деп болжауға болады.

Әр түрлі $\theta \in D$ деңгейінде сөздікте бірнеше эксперимент жасап және q_t бақылау күйін бірнеше рет сәйкестендіріп, келесі іске қосу кезінде *Inn* жиыны өзгермейтін сәтке жеткенде кезде *Inn* жиыны анықталды деп есептейміз. *Inn* жиынына бастапқыда процестің басталу нүктесіне сәйкес келетін $q_0 = \emptyset$, арнайы бақылау күйін қосайық. q_0 бақылау күйі кейінірек, яғни, біздің сөздік негізгі жадыдан күтпеген жерден шығарылған кезде де пайда болуы мүмкін және біраз уақыттан кейін сөздік басынан (*суық іске қосу*) басталғандай іске қосылады.


Тағы бір іске қосу – *жылы іске қосу*, яғни, жүйе есептеу процесін қалпына келтіруге мүмкіндік жасай отырып процесті қатесіз жалғастыруға мүмкіндік береді. Әрі қарай, кез-келген осындай оқиғаны «жылы іске қосу» (қайта қосу) ретінде қалпына келтіруді ұсынамыз және біз оны (1), (2) өрнектерінде негізгі және қосымша тапсыраманың функционалына арналған қосымша бет қатесі ретінде қарастырамыз.

2.3 Есептеу процесінің геометриялық интерпретациясы

Инновациялар сөздігін оңтайландыру тапсырмасының өлшемін азайту мақсатында есептеу процесінің геометриялық интерпретациясы қолданылды. Әрі қарай, біз есептеу процесінің геометриялық интерпретациясын береміз. Моделді құру және негізгі мәселені шешу үшін біз бірегей комбинаторлық кеңістікті қолданамыз (Булеан). Бұл екі полюсті және n -өлшемді екілік кубтың жазықтық аналогы. Төменгі полюсте элементтері бос шың орналасқан, осы екі полюстің бірінші қабатында бір элементті жиындар, екіншісінде екі элементтік жиындар орналасқан және т.с.с. Ортасынан бастап қуат азая бастайды және жоғарғы полюсте концепцияның барлық жиынтығына сәйкес келетін шың орналасқан, біздің жағдайда ол 6 санына тең. Процестің немесе эксперименттің траекториясы Булеан шыңдары бойымен кездейсоқ кезуге сәйкес келеді. Мұнда төменгі бөлікте басқылау күйлер пайда болады. Ал t осі бойымен қозғалу траекториясының өзі Булеан шыңдар тізбегіне сәйкес келеді.

Геометриялық интерпретацияның көмегімен есептің өлшемін азайтуға болады, яғни (с) жағдайындағы шектеулер санын. *Inn* жиыны қалыптасқан кезде,

біз Inn ішкі жиынын табу керекпіз және ол \hat{In} деп белгіленеді, бұл (c) шектеуі сақталған жағдайда пайда болады. Кез келген $\hat{in} \in \hat{In}$ элементі қасиетке ие, дәлірек айтқанда Inn элементінде $\hat{in} \not\subseteq in$ сияқты in элементі жоқ. Тізбек булеан түйіндерін кездейсоқ айналып өтуіне сәйкес келеді (сурет 2.7). Кеңістікке келесідей атаулар береміз: кез-келген \hat{in} элементі – булеан түйіні, бұл булеан бойымен кез-келген кездейсоқ кезу барысындағы шыңдар болып табылады (2.7 суреттегі қара түйіндер). Бұл қара түйіндер кез-келген кездейсоқ кезу барсында болады, олардың мәні, яғни түйіндері ауысып отыруы мүмкін. Олардың бірден бір ерекшеліктері, бұл түйіндер басқа ешқандай түйіннің құрамына кірмейді, яғни бұл түйінен булеанның жоғарғы бөлігіне сілтемелер жоқ.




Сурет 2.7 – Булеан және түйіндер арасындағы кездейсоқ кезу


Сурет 2.7 сәйкес көрсетілген кездейсоқ жүру келесі түйіндерден өтеді: $(0) \rightarrow (4) \rightarrow (3,4) \rightarrow (3) \rightarrow (3,5) \rightarrow (3,5,6) \rightarrow (5,6) \rightarrow (1,5,6) \rightarrow (1,2,5,6) \rightarrow (1,2,6) \rightarrow (1,6) \rightarrow (1,5,6) \rightarrow (1,2,5,6) \rightarrow (1,2,5) \rightarrow (1,2) \rightarrow (1,2,4) \rightarrow (1,4)$ және бір эксперименттегі қара түйіндер: $(3,4), (3,5,6), (1,2,5,6), (1,2,4)$.

Булеан комбинаторлық кеңістіктің екі полюсі $n=6$ ұғымдар санына сәйкес келеді және $n+1$ деңгейге ие. Сөздіктің бірнеше рет іске қосылуының нәтижесі бойынша мультиграф енгізу қажет, ол булеанда көршілес түйіндер арасындағы қабырғаларды көшіру арқылы жасалады. Процесс іске қосылған кезде көршілес

түйіндер арасында қанша рет қозғалатындығын, мысалы, in және $in \cup \{i\}$ үшін, жоғары қозғалыс кезінде қанша жүретінін есептеу жеткілікті деп санаймыз. Біздің есептеуде бұл мән $\xi_{in,i}$, $in \in Inn$, $i = 1, 2, \dots, n$ кездейсоқ шама болсын. Содан кейін ξ_{ini} мәндері қосалқы функционал мәндердің орташа коэффициенттерін есептеу үшін пайдалы болады және булеанды түрлендірудің қажеті жоқ.



а



ә

а – Тіктөртбұрышта түйіндердің орналасуы; ә – Булеанының (3,4) түйіні және іргелес түйіндері.


Сурет 2.8 - Булеан, екіполусты комбинаторлық кеңістік $n=6$ кезінде есептеу процесі түйіндердің кездейсоқ жүруі түрінде

Нөлдік деңгейде орналасқан төменгі полюс суретте (0) түрінде берілген, $q_0 = \emptyset$ бос жиынға сәйкес келеді және кез-келген есептеу процесі осы жерден басталады (сурет 2.7). булеан қарапайым конфигурацияға ие және $n \geq 3$ үшін n -өлшемді кеңістіктік бульдік кубқа сәйкес келеді (сурет 2.9а), онда есептеу процесіне сәйкес келетін түйіндер арқылы кездейсоқ жүруді де көрсетуге болады. Бұл үшін булеанның қарапайым құрылымын қолдану ыңғайлы. Сонымен қатар, біздің тапсырманы шешу барысында булеанға жүгіну ыңғайлы, өйткені бақылау күйінің кез-келген $in \in Inn$ булеанның in түйініне тікелей байланысты.

Жоғарғы полюсте сөздік ұғымдар санына сәйкес келеді, яғни, $n=6$. Кез-келген $in = (i_1, i_2, \dots, i_m) \in Inn$ бақылау күйі булеаның (i_1, i_2, \dots, i_m) аралық түйінге сәйкес келеді. Олар l ($1 \leq l < n$) деңгейіне және $l - 1$ деңгейінің m түйінімен және $l + 1$ деңгейінің $n - m$ түйінімен байланысқан. Мысалы, 2 деңгейдегі (3,4) түйіннің 1 деңгейдегі екі түйінмен қосылады, атап айтқанда (3) және (4), сонымен қатар 3 деңгейдегі төрт түйінмен қосылады, атап айтқанда (1, 3, 4), (2, 3, 4), (3, 4, 5), (3, 4, 6):



Сурет 2.9ә сәйкес көрсетілгендей 1 немесе 0-ге тең болатын β мәні (3, 4) түйіннен іргелес түйінге өту кезінде бет қателігі болатынын немесе болмайтындығын көрсетеді. Сурет 2.7 сәйкес көрсетілгендей ерекшелінген жолдағы түйіндер арасынан қара түйіндер: (2, 3), (1, 2, 4), (1, 3, 4, 5), (3, 6) және бізге қажет $i\bar{n}$ түйіндердің қабырғалары ($i\bar{n}$, $i\hat{n}$) түйіндері болып табылады, яғни: (2, 4), (1, 4, 5) (3). $l \geq 0$ деңгейіндегі түйіндер санына келетін болсақ, ол $l=0$ -ден $n=6$ -ға дейін C_n^l тең.

Ендеше, қатардың басында орналасқан ұғымдарға сілтемелерді қарастырайық (сурет 2.9).



Сурет 2.9 – Ұғымдарға сілтемелер жолы


Сілтеме сызығына және жұмыс параметрінің стратегиясына сәйкес $W(k,t)$ үшін жұмысшы жиын болады (сурет 2.10).



a – \hat{in} және in түйіндері; ∂ – q_t сәтіндегі \hat{in} және in түйіндері

Сурет 2.10 – $W=(4,t)$ жұмысшы жиынға сәйкес келетін, \hat{in} және in түйіндері бар ұғымдарға сілтемелер жолы

Мұнда $k=4$, сондықтан сүзгіде $W(4,t)$ сәйкес келетін 4 ұяшық болуы керек. Соңында, бізде булеан шындарымен кездейсоқ \hat{in} және in түйіндері белгіленген (сурет 2.10а). Бірнеше эксперименттен кейін \hat{in} және \bar{in} түйіндері ауысуы мүмкін, бірақ кез-келген жағдайда кездеседі. Сурет 2.10ә сәйкес сүзгінің мазмұны көрсетілген, мұндағы x символы – сүзгінің бос ұяшығы. Сонымен қатар, геометриялық интерпретация бойынша табылған инновациялардың деңгейін, салмағын анықтауға болады. Мұнда сурет 2.11 сәйкес кез-келген қабыраның, немесе доға деп те атауға болады, салмағы 0 немесе 1-ге тең, яғни бұл сәйкесінше бет қателігі жоқ немесе бар екендігін білдіреді. Төменгі суреттер 2.11б және 2.11в көрсетілгендей ішінара немесе сурет 2.11ә сәйкес шеңбер түрінде қабырғаның салмағы “0”-ге тең. Сондықтан, функционалды есептеу кезінде, төмен қарай бағытталған қабырғаларды ескеру қажет емес, керісінше, жоғары қарай жылжу кезінде (сурет 2.11а, 2.11б), қабырғалар салмағын анықтау қажет және мұндай есептеулер үшін біз $x = (x_{ri})_{p \times n}$ матрицасын және $\delta_{in,i}(x)$ функциясын қолданамыз.



а – q_t ; ә – $q_t = q_{t+1}$; б – $q_{t+1/2}$; в – q_{t+1}

Сурет 2.11 – Қабырғалар салмағы

Көрсетілген суреттің кез-келген бөлігінде біз (q_t, q_{t+1}) және $(q_t, q_{t+1/2})$ немесе $(q_{t+1/2}, q_t)$ қабырғалар салмағын $(\pm i, \beta)$ деп белгілейміз. Мұнда $\pm i$ дегеніміз q_t бақылау күйін байытатын жоғары немесе төмен қозғалысты білдіреді (сурет 2.11а, яғни i (жоғары қарай жылжу арқылы) немесе q_t бақылау күйінің салмағын азайтады (сурет 2.11в), i_1 (төменге қарай жылжу) немесе кезекпен екеуі де (сурет 2.11б). Белгілеусіз i саны (сурет 2.11ә) $(t+1) \quad q_t = q_{t+1}$ жағдайын білдіреді. β параметрі 1 немесе 0 тең және оқиғаға байланысты, соған сәйкес q_t бақылау күйінен q_t бақылау күйіне дейін бет қателігі болады немесе болмайды.

Осылайша In жиынын анықтағаннан кейін \hat{In} анықтау алгоритмінің сипаттамасы өте қарапайым болмақ. Ол $in \subseteq \bar{in}$ фактісін анықтау үшін Inn элементтерін сұрыптаудан және ағымдағы in элементін басқа $\bar{in} \in Inn$ салыстырудан тұрады. Алдымен in элементін Inn жиынынан алып тастау керек. Егер in болса, яғни $in \subseteq \bar{in}$ қосымшасы болса, онда оны in қарауынан \hat{in} элементіне үміткер ретінде алып тастау керек. Егер жоқ болса, онда Inn жиынынан келесі \bar{in} элементін $in \subseteq \bar{in}$ құрамына кіретіндігін тексеруді жалғастыруымыз керек. Егер Inn жиынынан \bar{in} таба алмасақ және In жиыны таусылса, онда in элементі \hat{in} болады және осы \hat{in} элементін \hat{In} жиынына

қосамыз. Процесті келесі Inn элементтермен in ретінде қайталап, Inn жиыны таусылғанша \hat{In} жиынын құрамыз. Inn жиынын компьютерде қалай сақтау керектігін $In = [\Delta_{in,i}]_{|Inn| \times n}$ ретінде ұсынамыз, өйткені оны бульдік матрица ретінде ұсынуға болады. Егер бақылау күйі $in = (i_1, i_2, \dots, i_m) \in Inn$ болса, онда \hat{In} матрицасының in қатарында тек $\Delta_{in,i_j} = 1$ болады, мұндағы $j=1,2,\dots,m$ дегеніміз in қатардағы басқа элементтер нөлге тең, яғни $\Delta_{in,i} = 0, i \neq i_j$ үшін, $i \neq i_j, j = 1,2,\dots,m$. Мұндағы тағы бір маңызды ескерту, кез-келген сөздіктегі эксперимент шекті уақытқа ие.

2.3.1 Инновациялар сөздігін оңтайландыру тапсырмасының функционалын тұрғызу

Инновациялар сөздігін оңтайландыру тапсырмасының функционалын тұрғызуды $x = (x_{ri})_{p \times n}$ матрицасы үшін тиісті шектеулердің өрнектерін іздеуден бастаймыз. Сонымен қатар, бастапқы тапсырманың геометриялық аспектісін талқылау да пайдалы. Бұдан әрі Inn және \hat{In} жиындарының анықталған деп қарастырамыз.

Жоғарыда келтірілген ақпаратты пайдалана отырып, кездейсоқ $\xi_{in,i}$ шамасын енгіземіз, яғни бұл шама сөздектегі бір экспериментті орындау үшін in бақылау күйін орындаған кездегі i ұғымдарына сілтемелер саны (сурет 2.3). Яғни, мұндағы $\xi_{in,i}$ - бұл in инновациясы белсенді болғанда i концепциясына жасалған сұраныстар саны. $E_{in,i}$ - бұл in инновациясы белсенді болғанда i концепциясына жасалған сұраныстар санының математикалық күтімі. Кездейсоқ $\xi_{in,i}^j$ шама $\xi_{in,i}$ сияқты болсын, бірақ сөздіктің j -ші экспериментінде $j = 1,2,\dots,h$. Сонымен қатар $\xi_{in,i}$ және $\xi_{in,i}^j$ күтілім мәндері:

$$E(\xi_{in,i}) = E(\xi_{in,i}^j) = E_{in,i}, \quad j = 1,2,\dots,h$$

және кез келген $in \in Inn, i = 1,2,\dots,n$ үшін $E_{in,i}^{(h)} = (1/h) \cdot \sum_{j=1}^h \xi_{in,i}^{(j)}$ орташа мәніне тең болсын. Сонымен бірге, біздің сөздікпен $h \geq 1$ эксперимент өткізілді және кез-келген эксперименттен кейін j санына ие болды, $\xi_{in,i}^j$ ($in \in Inn, i = 1,2,\dots,n$) айнымалылар есептелді. Еске салайық, жиында $E_{in,i}^{(h)}$ орташа мәнін есептеу керек, ол үшін қайталау формуласы ыңғайлы

$$E_{in,i}^{(j)} := \frac{k-1}{k} \cdot E_{in,i}^{(j-1)} + \frac{1}{k} \cdot \xi_{in,i}^j, \quad in \in Inn, i = 1,2,\dots,n; \quad i \notin in; \quad j = 1,2,\dots,h$$

басында $E_{in,i}^{(0)} = 0$ барлық $in \in Inn$ үшін, $in \in Inn, i \in \{1,2,\dots,n\}; \quad i \notin in$.

Осылайша, $E_{in,i}^{(h)}$ ($in \in Inn, i \in \{1,2,\dots,n\}; \quad i \notin in$) мәндері сөздіктің h жұмысынан кейін есептеледі. Мұндағы қызықты сұрақтың бірі in инновациясы белсенді болған жағдайда және i ұғымына сілтеме жасалғанда бет қателігі

болама? Мұндай жағдай t осінің кез-келген жерінде болуы мүмкін. Бұл сұрақтың жауабын in бақылау күйіне және $x = (x_{ri})_{p \times n}$ матрицасына тәуелді функция береді. Атап айтқанда, $\delta_{in,i}(x)$ функциясы:

$$\delta_{in,i}(x) = \begin{cases} 0, & \text{егер ұғым } i \in S \in R(in, x) \\ 1, & \text{өзге жағдайда} \end{cases}$$

мұнда S дегеніміз $R(in, x)$ бетінің белгіленуі; $\delta_{in,i}(x) = 0$ мәні $in \rightarrow i$ оқиғасы кезінде бет қателігі жоқ екенін білдіреді, яғни $\delta_{in,i}(x) = 0$ мәніне ие болады егер i ұғымы $R(in, x)$ ішіндегі қандайда бір S бетінде қамтылса. Кері жағдайда, $\delta_{in,i}(x) = 1$ мәні бет қателігіне сәйкес келеді. Әрине, егер ұғымы $i \in in$ болса, онда кез-келген $x \in X$ үшін $\delta_{in,i}(x) = 0$ болуы керек. Сонымен қатар, егер $x = (x_{ri})_{p \times n}$ матрицасы бекітілген болса, онда $in \rightarrow i$ оқиғасы қай сәтте және сөздіктің қай экспериментінде болатыны маңызды емес. Қалай болғанда да, екі жауаптың жалғыз нұсқасы бар: барлық $in \rightarrow i$ оқиғалары үшін бет қателігі болады немесе болмайды, яғни берілген in және i және $x \in X$ үшін барлық $in \rightarrow i$ оқиғаларына бірдей жауап. Басқаша айтқанда, t осінде қай жерде болатынына қарамастан, барлық $in \rightarrow i$ оқиғалары үшін бірдей жауап болады. Бұл жерде кез-келген $x \in X$ матрицасы жоғарыда аталған (a)-(c) шектеулерді қанағаттандыратынын ескеру қажет және $\delta_{in,i}(x)$ есептеуін келесідей анықтауға болады:

$$\delta_{in,i}(x) = \begin{cases} 0, & \text{егер } \sum_{j=1}^{m(in)} \sum_{r=1}^p x_{ri} * x_{rj} \geq 1 \quad in \neq in_0 \\ 1, & \text{өзге жағдайда} \end{cases}$$

Осыдан бастап in_0 бақылау күйін Inn жиынан алып тастайық және сөздіктегі бір экспериментте беттер сәтсіздігінің жалпы саны кездейсоқ мәні ξ тең болсын:

$$\xi(x) = \sum_{in \in In} \sum_{i=1}^n \xi_{in,i} \cdot \delta_{in,i}(x) + \sum_{i=1}^n \xi_{in_0,i} \quad (1)$$

онда минимизациялауды қажет ететін негізгі тапсырманың функционалы үшін келесі қарастырылады:

$$F^0(x) = \sum_{in \in In} \sum_{i=1}^n E_{in,i} \cdot \delta_{in,i}(x) + \sum_{i=1}^n E_{in_0,i} \rightarrow \min_{x \in X} \quad (2)$$

Айта кету керек, ξ өрнегінде кез-келген $\xi_{in,i}$ мәні $x \in X$ матрицасына тәуелді емес, керісінше $\delta_{in,i}(x)$ функциясы берілген $in \in Inn$ мен i және $x \in X$

тәуелді және кездейсоқ $in \rightarrow i$ мен бұл орындалатын t оське байланысты емес. Қосымша тапсырманың $F^{(h)}(x)$ функционалы үшін:

$$F^{(h)}(x) = \sum_{in \in In} \sum_{i=1}^n E_{in,i}^{(h)} \cdot \delta_{in,i}(x) + \sum_{i=1}^n E_{in,i}^{(h)} \rightarrow \min_{x \in X} \quad (3)$$

(3) өрнегіндегі $E_{in,i}^{(h)}$ шамасын булеанның in және $in \cup i$ түйіндерін байланыстыратын қабырғаға (доғасына) тиістіруге болады, мұндағы функция $\delta_{in,i}(x) = 1$. Өзге жағдайда, яғни егер функция $\delta_{in,i}(x) = 0$ болса, онда бұл қабырғаны нөлге теңестіру қажет. Бұл белгіленген $x \in X$ үшін $F^{(h)}(x)$ функционалының мәнін есептеуге көмектеседі. Егер қарастырылатын қабырғаның (жоғары қараған) салмағы 1 немесе 0-ге тең болса, жоғарыда айтылғандай, көрші түйіндерден жылжу кезінде бет қателігінің болуы немесе болмауына $\delta_{in,i}(x)$ байланысты болуы жеткілікті болады. Сонда $E_{in,i}^{(h)}$ шамасы тек тиісті жағдайда ескерілуі керек және оны (3) көбейткіші ретінде қолданады.

Шектеулер (a) - (c). Негізгі тапсырма (2) үшін де, қосымша тапсырма үшін де (3) рұқсат етілген X шешімдер жиынын анықтайтын шектеулер жүйесі ((a) - (c) шарттары) келесідей жазылады:

$$\sum_{i=1}^n l_i \cdot x_{ri} \leq v_r, \quad r = 1, 2, \dots, p; \quad (a)$$

$$\sum_{r=1}^p x_{ri} = 1, \quad i = 1, 2, \dots, n; \quad (b)$$

$$\sum_{r=1}^p v_r \cdot h_{inr}(x) \leq H_{in}, \quad in \in Inn; \quad (c)$$

$$x_{ri} \in \{0, 1\}, r = 1, 2, \dots, p; i = 1, 2, \dots, n \quad (d)$$

мұнда (c) v_r мәні - $r, r = 1, 2, \dots, p$ бет ұзындығы. Сонымен қатар $h_{in,r}(x)$ функциясы: $h_{in,r}(x) = 1$, егер $S_r \in R(in, x)$ және $h_{inr}(x) = 0$ болса, кері жағдайда, яғни, $h_{in,r}(x)$ функциясы $R(in, x)$ жиынның характеристикалық функциясы болып табылса. $h_{in,r}(x)$ оңай есептеуге болады егер in және r мәндері берілген болса x матрицасының элементтері арқылы, атап айтқанда егер $in = (i_1, i_2, \dots, i_{m(in)}) \in Inn$ болса, онда:

$$h_{in,r}(x) = \max_{1 \leq j \leq m(in)} x_{ri_j} \quad (4)$$

бұл жерде $x = (x_{ri})_{p \times n}$ матрицасы тек 1 мәніне кез-келген бағанда ие, оның ішінде $i_1, i_2, \dots, i_{m(in)}$. Енді (3) қосымша есептің $F^{(h)}(x)$ функционалын есептеу барысында пайдалы болатын келесідей қадамдарға назар аударайық:

Қадам - 0. Мұнда түзетілуі керек: бастапқы матрица $x = (x_{ri})_{p \times n}$. Мұндағы x матрицасы ретінде сөздікті қайта құрылымдаудан бұрын қолданатын $x^0 = (x_{ri}^0)_{p \times n}$ матрицаны алуға болады; l_1, l_2, \dots, l_n (ұғым ұзындығы) және v_1, v_2, \dots, v_p (бет ұзындығы) мәндері және k, h берілген. Мұндағы k дегеніміз $WS(k, t)$ стратегиясының параметрі және сүзгі өлшемі, ал $h \geq 1$ мәні $F^{(h)}(x)$ функционалын құру үшін сөздіктегі эксперимент саны.

Қадам - 1. Біз $\lambda \geq 1$ бүтін сан параметрі берілген деп санаймыз. Мұнда $\lambda \geq 1$ мәні дегеніміз Inn жиынын анықтауға болатын жалпы процедураның параметрі болып табылады. Бұл дегеніміз егер λ сөздігінің қосымша экспериментінен кейін жаңа бақылау күйін табуға тырысса, онда Inn жиыны өзгермейді және содан кейін Inn жиыны анықталды дегенді білдіреді.

Қадам - 2. Біз $H > 0$ бүтін сан параметрі берілген деп санаймыз. H дегеніміз алдын-ала белгілі жүйелік константа, ол жоғарыдағы (c) шектеу кезінде H_{in} константасының орнына қолданылады. Мұнда H константасы кез келген $R(in, x)$ жұмыс жиынының өлшемін шектеуі керек, содан кейін (c) кез-келген $in \in Inn$ үшін $H_{in} = H$ қоямыз. $H = \max_{in \in Inn} H_{in}$ қою мүмкіндігі кез-келген $H_{in}, in \in Inn$ константа үшін ұсынылады.

Қадам - 3. $E_{in,i}^{(h)}$ коэффициенттері есептелінеді. h шамасы - бұл (3) ішіндегі $E_{in,i}^{(h)}$ коэффициенттерін есептеу үшін эксперимент саны. Мұнда бізге ыңғайлы формуланы қолдана аламыз:

$$E_{in,i}^{(j)} := \frac{k-1}{k} \cdot E_{in,i}^{(j-1)} + \frac{1}{k} \cdot \xi_{in,i}^j, \quad in \in Inn, i = 1, 2, \dots, n; \quad i \notin in; \quad j = 1, 2, \dots, h$$

мұнда j шамасы – сөздіктегі эксперименттің j -ші саны. Барлық $in \in Inn, i \in \{1, 2, \dots, n\}; i \notin in$ үшін бастапқы мән $E_{in,i}^{(0)} = 0$. Мұнда кез келген эксперимент үшін $\xi_{in,i}^j, in \in Inn, i = 1, 2, \dots, n; i \notin in; j = 1, 2, \dots, h$ мәні қол жетімде. Кез-келген бетті іске қосу кезінде, ұғымдарға сілтеме қол жетімді болды және $\xi_{in,i}^j$ мәндерін есептеу қиын емес, нақты айтқанда, сүзгі t осінің бойымен солдан оңға жылжу барысында, $in \in Inn, i = 1, 2, \dots, n; i \notin in; j = 1, 2, \dots, h$. Мұнда кез-келген $\xi_{in,i}^j$ арнайы есептеуіш болсын және оны η_{qi}^{jt} деп көрсетеміз, мұндағы $t = 1, 2, \dots, \gamma$ сәті үшін t осінің бойымен қозғалыс.

$$\eta_{in,i}^{jt} = \begin{cases} \eta_{in,i}^{j(t-1)} + 1, & \text{егер ағымдағы } in \text{ және ұғымдарға келесі сілтем } i \text{ болса} \\ \eta_{in,i}^{j(t-1)}, & \text{өзге жағдайды} \end{cases}$$

және ағымдағы эксперимент аяқталғаннан кейін $\xi_{in,i}^j = \eta_{in,i}^{j\gamma}$ қою керек, мұнда γ дегеніміз j -ші. Кез келген $in \in Inn, i = 1, 2, \dots, n; i \notin in$ үшін бастапқы мән

$\xi_{in,i}^j = 0, \eta_{in,i}^{j0} = 0$. Жалпы, мұнда $\eta_{in,i}^{j0}, \eta_{in,i}^{j1}, \dots, \eta_{in,i}^{j\gamma}$ айнымалы массивтерді енгізу қажет емес. Программист стилінде тек бір айнымалыны қолдану жеткілікті, мысалы, $\eta_{in,i}^j$ және жоғарыдағы формуланы қайта жазамыз: $\eta_{in,i}^j := \eta_{in,i}^j + 1$, егер ағымдағы бақылау күйі in болса және ұғымға келесі сілтеме i болса, өзге жағдайда $\eta_{in,i}^j := \eta_{in,i}^j$. Мұнда $D = \{\theta\}$ бастапқы мәліметтерінің кездейсоқ тізбегіне және кез келген эксперименттен кейін ұғымдарға сәйкес сілтемелер қол жетімді деп саналады.

Қадам - 4. (a)-(d) шектеулері арқылы $F^{(h)}(x)$ функционалды (3) мәселесін шешу. Мұнда классикалық алгоритмдерге енгізілген идеяларды, яғни анық емес санау алгоритмін; тармақталған және байланыстырылған алгоритмді; булеандік бағдарламалау әдісін; реттік есептеулер әдісін [130-132]; жуықтау комбинаторлық әдісін [133, 134]; генетикалық алгоритмді [135, 136] және жоғарыда аталған әдістермен жергілікті оңтайландырудың үйлескен әдісін қолданып көруге болады.

2.3.2 Моделді оңтайландыру

Мұнда $R(in, x)$ жұмысшы жиынның өлшемін бақылау үшін теңсіздіктер қатарын қысқарту қарастырылады. Айта кету керек, (c) шектеу құрамында $|Inn|$ теңсіздігі бар және олар көп. Мұнда (c) теңсіздік қатарын айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік бар. Жоғарыда айтылғандай, практикалық тұрғыдан біз жүйелік константаның болуын ұсына аламыз, айталық N , кезкелген $R(in, x)$ жұмысшы жиын шектеулі және ол (константа) алдын ала белгілі деп саналады. Сондай-ақ, \hat{In} жиынын ескере отырып біз (c) жүйесін келесіге ауыстыра аламыз:

$$\sum_{r=1}^p v_r \cdot h_{\hat{in},r}(x) \leq H, \quad \hat{in} \in \hat{Inn}; \quad (5)$$

бірақ формальды түрде, бұған дейін барлық $h_{in} = H, in \in Inn$ үшін (c) қою керек. Айталық $|R(in, x)|$ дегеніміз $R(in, x)$ жұмысшы жиынның ұзындығы болсын, мұндағы $in \in Inn$ және $x \in X$. Алмастырудың себебін анықтау үшін, 2.7, 2.10a суреттеріне назар аударайық, мұнда $\hat{in} \in \hat{Inn}$ түйіндеріне сәйкес келетін қара түйіндер және $in \subsetneq \hat{in}$ ұқсас $in \in In$ түйіндері суреттелген. Сонда келесі қатынастар орындалады:

$$\text{егер } in \subseteq \hat{in} \text{ болса, онда } R(in, x) \subseteq R(\hat{in}, x) \text{ және } |R(in, x)| \leq |R(\hat{in}, x)|$$

мұнда $in \in Inn, \hat{in} \in \hat{In}$ және егер теңсіздік (5) кейбір $\hat{in} \in \hat{In}$ үшін орындалса, онда ол $in \subseteq \hat{in}$ болатын кез келген $in \in Inn$ үшін де орындалады. Мұнда кез келген $in \in Inn$ шамасы \hat{In} жиынның кемінде бір \hat{in} жиынына тиесілі болады (сурет. 2.10 a), түйін (3)).

Әрине мүмкін болатын X шешімдер жиыны бос емес екені анық, өйткені $S_{g_1}, S_{g_2}, \dots, S_{g_p}$ беттеріндегі i_1, i_2, \dots, i_n бастапқы тарату ұғымдары (a)-(d) шектеулерін қанағаттандырады [137].

2.3.3 Функционалды бағалау

Мұнда (2), (3) функционалдағы қосындыларды қысқарту қарастырылған. Жоғарыда келтірілген сөздікті қайта құрудың сызықтық емес моделі сызықтық емес (2) және/немесе (3) функционалды, сонымен қатар (a)-(b) және (c) көрсетілген сызықты емес шектеулерді қамтиды. (5) көрсетілген \hat{Inn} жиынның қуаты (c) көрсетілген Inn жиынның қуатынан көп айырмашылығы жоқ. (2) немесе (3) функционалына келетін болсақ, егер ұғым $i \in in$ болса, онда кез келген $x \in X$ үшін $\delta_{in,i}(x) \equiv 0$ және (2) немесе (3)-дегі екінші қосындыда $i = 1, 2, \dots, n$ орнына тек $i \in I(in)$ индекстері бар, мұндағы $I(in)$ жиыны - құрамында in -ға тиесілі i ескере отырып (2) немесе (3) қосылымдардың санын азайту идея негізінде орындауға болады. Геометриялық тұрғыдан, 2.7 суретке сүйене отырып, $i \in in$ оқиғасы 2.11 суреттегі ϑ , ν жағдайларына сәйкес келеді, яғни төменге қарай қозғалу немесе түйіннің айналасында айналмалы қозғалыс. Сонымен қатар, $in = (i_1, i_2, \dots, i_{m(in)})$ және i берілген болса және оқиға кезінде $in \rightarrow i$, егер 2.11 суреттегі ν жағдайға сәйкес келетін $i_1 \notin (i_2, i_3, \dots, i_{m(in)})$ және $i \in (i_2, i_3, \dots, i_{m(in)})$ оқиғалары болса, онда бет қателігі болмайды. Егер 2.11 суреттегі ϑ жағдайға сәйкес $i_1 \in (i_2, i_3, \dots, i_{m(in)})$ және $i \in (i_2, i_3, \dots, i_{m(in)})$ оқиғалары болса, онда да беттің қателігі болмайды.

Функционалды бағалауды құруға негізделген дискретті оңтайландырудың кейбір әдістері [130, с. 187; 131, р. 118; 132, р. 1099; 133, с. 255], біздің жағдайда (3) мәселе үшін, бұл төменгі функционалды бағалау болып табылатынды:

$$\sum_{\hat{in} \in \hat{Inn}} \sum_{\bar{in} \in Inn_{\hat{in}}} E_{\bar{in}i_{\bar{in} \setminus \bar{in}}}^{(h)} \cdot \delta_{\bar{in}i_{\bar{in} \setminus \bar{in}}}(x) \leq \sum_{in \in Inn} \sum_{i=1}^n E_{in,i}^{(h)} \cdot \delta_{in,i}(x), \quad (6)$$

және [130, с. 203; 131, р. 119; 132, р. 1098; 133, с. 258] жұмыстарынан қарай отырып бағалау функционалын шешу қиын емес, біз үшін бұл:

$$\sum_{\hat{in} \in \hat{Inn}} \sum_{\bar{in} \in Inn_{\hat{in}}} E_{\bar{in}i_{\bar{in} \setminus \bar{in}}}^{(h)} \cdot \delta_{\bar{in}i_{\bar{in} \setminus \bar{in}}}(x) \rightarrow \min_{x \in X} \quad (7)$$

содан кейін ол тиісті күрделілікпен (3) мәселенің нақты (оңтайлы) шешімін табуға мүмкіндік береді. (6) теңдеудің сол жағындағы $Inn_{\hat{in}}$ жиыны Inn ішкі жиыны және ол \bar{in} санынан тұрады, мұндағы кез келген \bar{in} дегеніміз $Inn_{\hat{in}}$ жиынынан тұрады. Егер булеанға қарайтын болсақ (сурет 2.7), \bar{in} түйіні \hat{in} түйіндерімен қабырға арқылы байланысқан, яғни (\bar{in}, \hat{in}) доғасы \bar{in} және \hat{in} түйіндерін байланыстырушы қабырғасы. Бұл жағдайда (6) сол жақтағындағы және (7) қабырғаларды (\hat{in}, \bar{in}) есепке алудың қажеті жоқ, себебі (\hat{in}, \bar{in}) қабырғаларының салмағы 0-ге тең. Мұнда (6) сол жағында, кез келген $\hat{in} \in \hat{Inn}$ үшін \bar{in} түйіні $Inn_{\hat{in}}$ жиыны таусылғанша орындалады. Егер h сөздікті іске қосу кезінде \bar{in} түйінінен \hat{in} түйініне дейін тым болмаса бір сілтеме болса, біз $Inn_{\hat{in}}$ жиынына \bar{in} түйінін қосамыз. (6) сол жақтағы i саны $\hat{in} \setminus \bar{in}$ деп анықталады, яғни

$i = \hat{m} \setminus \bar{m}$, бұл $i_{\hat{m} \setminus \bar{m}}$ белгісі болсын. (6) өрнегінің сол жағында (6) оң жағына карағанда аз қосындыдан тұрады. Тура осы жағдайды (2) мәселенің функционалы туралы да айтуға болады, яғни, $F^0(x)$. (2) оңтайлы шешіміне келер болсақ, мәселенің оңтайлы шешімі (3), x_h^* матрицасы болатын (3) мәселенің оңтайлы шешімі (2) мәселенің ε оңтайлы шешімі болатын бастапқы мәліметтер үшін жағдайларды көрсету мәні болады

$$Pr\{|F^0(x^*) - F^0(x_h^*)| \leq \varepsilon\} \geq 1 - \eta, \quad \varepsilon > 0, \quad \eta \in (0,1) \quad (8)$$

мұнда x^* матрицасы (2) мәселенің белгісіз оңтайлы шешімі.

Бұл шарттар, ең алдымен $\xi_{in,i}, i = 1, 2, \dots, n; in \in Inn$ және сөздіктегі эксперимент h санының төменгі шектері үшін (8) теңсіздікті сақтай отырып үлестіру заңдарының ортақ қасиеттерін анықтайды. (2) теңдеуіндегі $E_{in,i}$ белгілі мәндері үшін, яғни әр кездейсоқ шаманың үлестірім заңы $\xi_{in,i}, i = 1, 2, \dots, n; in \in Inn$ болса, бастапқы (2) есептің де белгілі, (3) есептің де шешу алгоритмі бағалау функциясының (6) және $\delta_{in,i}(x)$ функциясының қасиетіне негізделуі мүмкін. Егер $E_{in,i}$ мәні белгісіз болған жағдайда (егер кездейсоқ шаманың $\xi_{in,i}, i = 1, 2, \dots, n; in \in Inn$ үлестірім заңы белгісіз болса) онда (2) есепті шешу күрделі болады. Бұл жағдайда (3) есебі (2) есепті шешудің көмекшісі ретінде қолдануға болады, ал (3) есептің оңтайлы шешімі, яғни бұл x_h^* матрицасы болсын, (2) есепті шешудің теңсіздігі ретінде болуы мүмкін.


3 ЭПИДЕМИЯ ҚАУІПІН ТӨМЕНДЕТУ МАҚСАТЫНДА МУЛЬТИАГЕНТТІ ЖҮЙЕ ТОПТАРЫН ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУ МОДЕЛІ

Бұл бөлімде мультиагентті жүйе қарастырылған. Жүйенің агенттері топтарға бөлінген және бір-бірімен байланыс барысында инфекция жұқтыру қаупі бар. Эпидемияның өрбу ықтималдығын азайту мақсатында агенттерді топтарға қайта бөлу арқылы мультиагентті жүйенің жұмысын оңтайландыру тапсырмасы тұжырымдалған. Комбинаторлық мәселе ретінде бұл тапсырма *NP* толық есептер класына жатады, ол осы зерттеудің іргелі аспектісін көрсетеді. Бұл бөлімде қолданылатын стационарлық жүйе тұжырымдамасы алдыңғы, яғни екінші бөлімде қолданылған жұмысшы жиын тұжырымына қайта оралады, ол есептеу процестері теориясындағы маңызды ұғым болып табылады және басқа процестерді зерттеуге негіз бола алады. Сонымен қатар, бұл бөлімде әлеуметтік жүйеде инновацияның таралу үлгісі қарастырылған.

3.1 Агенттердің байланыс кезінде эпидемияны жұқтыруы мүмкіндігі бар мультиагентті жүйенің топтарын қайта құру моделін тұрғызу

Басқару жүйелерінің кең тараған класстарының бірі биокибернетикалық жүйелер болып табылады, олар техникалық жүйелер сияқты, теңгерімсіздік жағдайында жүйе тұрасыздық танытады. Бұл тұрақсыздық жүйенің қалыпты жұмыс режимін бұзуы мүмкін және біздің жағдайымыз агенттердің топтарға сәтсіз бөлінуіне байланысты болуы мүмкін. Осыған байланысты, осы бөлімде ғылыми қызығушылық тудыратын және қолданбалы мәнге ие мультиагентті жүйе қарастырылған.

Сонымен, n агенттерден тұратын, p топтарға бөлінген және әр бір агент тек бір топқа жататын (a шарты) мультиагентті жүйе болсын. Жүйенің әрбір агентіне "салмақ" тағайындалады, оның өмір сүру кеңістігінің сызықтық өлшемі, соның шеңберінде агент өзіне жүктелген операциялар жиынын орындай алады. Сонымен бірге, бір-бірімен әрекеттесетін агенттер арасында инфекция жұқтыру немесе тарату қаупіне ұшырайды. Әр топқа «салмақ» тағайындалады – ол топтағы агенттердің тіршілік кеңістігі. Кез-келген топтағы агенттердің жалпы «салмағы» топтың жалпы салмағынан аспауы керек (b шарты)). Айталық, l_i айнымалысы i агентінің салмағы болсын, $i = 1, 2, \dots, n$, және v_r айнымалысы r нөмерлі топтың салмағы, $r = 1, 2, \dots, p$. Жұқтырылған топтардың нөмерлері орналасқан «стационар» бар, яғни, біз бұл топтардың өздерін де, осы топтардың жұқтырған агенттерін де қарастырамыз, іс жүзінде олар агенттер арасында байланыс орнатады. Стационардағы агенттердің басқа агенттерге байланысы уақыт бойынша тізбекті түрде эксперимент кезінде жүзеге асырылады, әр бір эксперименттің мақсаты эксперимент кезінде пайда болған байланыстар траекториясын алу және өңдеу болып табылады, олар t уақыт шкаласында бекітілген, яғни t_0 сәттен бастап траекторияның белгілі бір максималды байланыс сәтіне дейін. Бір эксперименттегі агенттерге байланыс траекториясы сурет 3.1 сәйкес көрсетілді.



Сурет 3.1 – Бір эксперименттегі агенттерге байланыс траекториясы

Мұнда,

$S(q_t, x)$ - агенттер тобының жұмысшы жиыны

$q_t - t$ сәтіндегі траекторияның бақылау күйі

$i(t_1) i(t_2) i(t_3) \dots i_1 i_2 \dots i_{m(q_t)} i \dots i(t_\gamma)$ – агенттерге сілтемелер жолы

$i_1 i_2 \dots i_{m(q_t)}$ - t сәтіндегі агенттер траекторияның бақылау күйі

$G(i(t_1)) \dots G(i_1) G(i_2) \dots G(i_{m(q_t)}) G_{t+1} \dots \dots G(t_\gamma)$ - топтарға тілтемелер жолы

$G(t_1)$ – сілтеме жасалған топтың нөмірі

$G(i_j)$ - q_t бақылау күйінде i_j агенті бар топтың нөмірі

Біз мультиагентті жүйенің жұмыс істеуі үнемі эксперименттер жүргізуден тұрады деп санаймыз, олардың әрқайсысы $\theta \in D$ кездейсоқ мәліметтермен анықталады (мұндағы D – бұл потенциалды шексіз жиын) және бастапқы кезеңде, қайта құру алдында, байланыс құратын агенттердің өзара әрекеттесуінің траекториясын зерттеу қажет. Оның үстіне кез-келген экспериментке жұмсалатын уақыт шектеулі. Бастапқыда мультиагентті жүйенің агенттерді топтарға бөлінген болсын және агенттер арасында эпидемия тудыруы мүмкін фонда жұмыс істейтін етіп берілсін. Мұндағы мақсат – эпидемияның туындау ықтималдығын азайту, біздің жағдайымызда, агенттерді топтарға бөлу арқылы, жұқтырған агенттердің санын азайту. Агенттердің топтарға бөлінуін, сондай-ақ әр агенттің топтық нөмірін $x = (x_{ri})_{p \times n}$ бульдік матрицасы арқылы оңай анықтауға болады, мұндағы, егер i нөмерлі агент r нөмерлі топта орналасқан болса және $x_{ri} = 0$ кері жағдайда. Жоғарыда айтылғандай x матрицасы a) және b) шарттарын қанағаттандыруы керек:

$$\sum_{r=1}^p x_{ri} = 1, \quad i = 1, 2, \dots, n; \quad (a)$$

$$\sum_{i=1}^n l_i \cdot x_{ri} \leq v_r, \quad r = 1, 2, \dots, p; \quad (b)$$

және тағы бір қосымша шарт c) болсын. a) - c) шарттарын қанағаттандыратын барлық осындай матрицаларды X арқылы белгілейміз. Берілген $x \in X$ матрицасымен нөмерді $r_i(x)$ белгілеу арқылы және (a) , (b) шарттарын ескере отырып i агенті бар топты анықтау үшін қолданамыз:

$$r_i(x) = \sum_{r=1}^p x_{ri} \cdot r, \quad i = 1, 2, \dots, n$$

Агенттерді $x^0 = (x_{ri})_{p \times n}$ матрицалы топтарға алдын-ала бөлінген деп есептейміз, бұл кезде мультиагентті жүйе қалыпты жағдайда жұмыс істейді және қайта құруды қажет етеді. Осындай тапсырмалардың, оның ішінде менім экстремалды тапсырмам үшін де соңғы мақсаты $x^* = (x_{ri})_{p \times n}$ матрицасын анықтау, онда берілген функционалды минимумға қол жеткізіледі. Бұл бөлімде бір эксперименттегі жұқтырылған агенттер санының функционалды-математикалық күтімін және $h \geq 1$ эксперименті арқылы есептелген эмпирикалық функционалды анықтау, яғни h экспериментінде жұқтырған агенттердің орташа саны. Мұндай зерттеудің маңызды қадамы - модельді құру және оған сәйкес есепті шығару, біздің жағдайда, экстремалды есеп және оның ерекшеліктерін анықтау. Бұл қадам есепті шешудің сәйкес алгоритмін синтездеуде пайдалы болуы мүмкін.

$\delta_{qi}(x)$ функциясын q мәні, i нөмірі және $x = (x_{ri})_{p \times n}$ матрицасы бойынша келесідей анықтауға болады:

$$\delta_{qi}(x) = \begin{cases} 0, \text{ егер } \sum_{j=1}^{m(q)} \sum_{r=1}^p x_{ri} * x_{rj} \geq 1, & \text{мұндағы } q \neq q_0 \\ \sum_{j=1}^n x_{r_i(x),j}, & \text{өзге жағдайда} \end{cases}$$


Белгілі бір жағдайларда, атап айтқанда, стационардағы агенттің стационарда жоқ агентпен кезекті байланысы кезінде соңғысына эпидемия жұғады және ол осы агент орналасқан топтағы барлық агенттерге жұғады. Осыдан кейін барлық топ стационарға орналастырылады. Сонымен қатар, стационардағы агенттер арасындағы байланыс жұқтыруға әкелмейді. Мұндай агенттердің өздері, t сәтіндегі байланыстар траекториясының басқару күйін қалыптастырады, бұны q_t арқылы белгілейміз. Жағдайды нақтылау үшін q_t мультижиын екенін ескереміз, оны $q_t = \{i_1, i_2, \dots, i_{m(q_t)}\}$ деп жазамыз, мұндағы $i_j, j = 1, 2, \dots, m(q_t)$, t сәтіне дейінгі соңғы k байланыс жасалған стационардағы агенттер саны. Стационарды жылжыту арқылы, біздің жағдайымызда k ұшықтары бар рамканы t осі бойымен оң жаққа, мұнда оське агенттер нөмірі жазылған (Сурет 3.1), біз стационар ішінде жұқтырған топтардың нөмірімен бірге траекторияның бақылау күйлерін алатын боламыз. Сурет 3.1 көрсетілгендей стационардың әр бір ұшығына топтың нөмірі жазылады $G(i_j)$,

олар агент нөмерінен тұрады $i_j, j = 1, 2, \dots, m(q_t)$, мұндағы $\{i_1, i_2, \dots, i_{m(q_t)}\}$ жиыны t сәтіндегі траекторияның бақылау күйін құрайды. Сурет 3.1 көрсетілгендей t осі бойында топтар нөмері және олармен байланыстағы агенттер жазылған. Стационардың құрамы эксперименттің кез-келген сәтінде, мысалы t , жоғарғы бөлігінде инфекцияланған агенттер топтарының санынан: $G(i_1), G(i_2), \dots, G(i_{m(q_t)})$, ал төменгі бөлігінде агенттердің өздерінен тұрады. Сонымен қатар t сәтінде стационардағы барлық топтар жиыны $S(q_t, x)$ арқылы белгіленеді және осы мультижиын q_t бақылау күйі және x матрицасынан туындайды. Ал бақылау күйіндегі қайталанбайтын агенттердің топтық нөмері жиынын сәйкесінше $S(q, x)$ деп белгілейміз. Мұнда бірнеше эксперимент жүргізу мүмкіндігі мен тапсырманың ерекшеліктерін ескере отырып, q_t жазбасындағы t индексін алып тастаймыз және сәйкесінше агенттердің нөмірі қайталанбайтын жиынды q деп белгілей аламыз және оны $q = (i_1, i_2, \dots, i_{m(q)})$ ретінде жазамыз. Мұндағы q жиындағы элементтердің реті маңызды емес деп есептейміз. Бақылау күйінің қайталанбайтын барлық жиынын $Q = \{q\}$ арқылы белгілейміз және Q жиыны ақырғы санды эксперименттер нәтижесінде және байланыс траекторияларын өңдеу нәтижесінде табуға болатындығын ескертеміз. Сонымен қатар, кез-келген q бақылау күйінің элементтері өсу бойынша реттелген, содан кейін әрбір $q \in Q$ үшін комбинаторлық кеңістіктің q шыңымен байланыстырылуы мүмкін.

Комбинаторлық кеңістік шыңдарының арасындағы Q жиынның бақылау күйі болатындарды белгілейміз. Бұл кез-келген бақылау күйлері басқа ешқандай бақылау күйлерінің құрамына кірмейді және оларды \hat{q} деп белгілейміз. Басқаша айтқанда, Q жиынының элементтері арасындағы кез-келген \hat{q} үшін q бақылау күйі болмайды, $q \neq \hat{q}$ және $\hat{q} \subset q$. Сурет 3.2 көрсетілгендей бір траекториядағы 14 бақылау күйі арасында тек 3 мұндай бақылау күйі кездеседі, яғни \hat{q} : (1, 2, 5), (1, 3, 5, 6), (1, 4, 5, 6). Мұндай траекторияның шыңдары әрбір эксперимент кезінде өзгеріп отыру мүмкін, бірақ әрдайым кездеседі. Мұндай \hat{q} жиындарды \hat{Q} деп белгілейміз. Сонымен қатар, бақылау күйлерін \bar{q} деп белгілейміз, олар комбинаторлық кеңістіктегі $\hat{q} \in \hat{Q}$ бақылау күйлерінің аталары болып табылады. Бұл \bar{q} бақылау күйлері \hat{q} бақылау күйлерімен (\bar{q}, \hat{q}) доғасын құрайды. Бекітілген \hat{q} үшін мұндай \bar{q} жиынын $\bar{Q}_{\hat{q}}$ арқылы белгілейміз. Комбинаторлық кеңістіктің төменгі полюсіне сәйкес келетін $q_0 = \{\emptyset\}$ формальді бақылау күйін енгіземіз және оны комбинаторлық кеңістіктің (0) шыңы деп кодтаймыз және осы жерден бірінші эксперимент арналған процесс басталады, сондықтан $t_0=0$. Егер келесі эксперименттің процесі комбинаторлық кеңістіктің $q = (j_1, j_2, \dots, j_{m(q)}) \neq q_0$ шыңында аяқталса, онда біраз уақыт ішінде стационардағы агенттердің ауруы созылмалы болады және келесі траектория $q_0 = \{\emptyset\}$ емес q шыңынан басталады деп болжауға болады. Келесі траектория үшін t_0 сәтіндегі $S(q, x)$ стационарының құрамы келесідей болады:

$$S(q, x) = \{G(j_1), G(j_2), \dots, G(j_{m(q)})\}.$$

Келесі 3.2-суретте булеан шындырымен кездейсоқ кезу мысалы көрсетілген:
 $(0) \rightarrow (2) \rightarrow (2,5) \rightarrow (1,2,5) \rightarrow (1,5) \rightarrow (1,5,6) \rightarrow (1,3,5,6) \rightarrow (3,5,6) \rightarrow (5,6) \rightarrow (1,5,6) \rightarrow (1,4,5,6) \rightarrow (4,5,6) \rightarrow (4,6) \rightarrow (6)$.



Сурет 3.2 – $n=6$ агенттер саны үшін комбинаторлық кеңістік

Егер жаңа траекторияға алғашқы байланыс кезінде агент жұқтырса, онда жұқтыру стационардағы $j_1, j_2, \dots, j_{m(q)}$ агенттердің кейбіреуінен болады. Басқа жағдайларда, $q = q_0$ болуы мүмкін, егер стационардағы барлық агенттер жазылып және келесі траектория кез-келген n агенттің біреуінің кездейсоқ жұқтырғанынан басталса, ал сәйкес бақылау күйі комбинаторлық кеңістіктің 0-ші деңгейінде орналасса. Ресурстардың шектеулігіне байланысты, $S(q, x)$ жиынның күші p шамасынан кіші және кез-келген $S(q, x)$ жиынның жалпы салмағын шектейтін (c шарты) константа белгілі деп санаймыз. Мұндай константаны $L_q > 0$ деп белгілейміз. c шарты келесідей жазылады:

$$\sum_{r=1}^p v_r \cdot h_{qr}(x) \leq L_q, \quad q \in Q; \quad (c)$$

